

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШОРТАНДЫ  
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ  
БЕКТАУ АУЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ  
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ШКОЛА СЕЛА БЕКТАУ ОТДЕЛА  
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ШОРТАНДИНСКОМУ  
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2024 жыл 05 мамыр

№ 46

**2023-2024 оқу жылын аяқтау  
және орта білім беру ұйымдарына  
білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін  
бекіту туралы**

«Ақмола облысының білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 05 қазандағы № 378 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2024 жылғы 04 сәуірдегі № 04-1-04-3/2300-И хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылының аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 1-11 сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырда; мектепалды даярлық сыныптарында - 2024 жылғы 31 мамырда аяқталсын;
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің келесі мерзімдері бекітілсін:
- 2) 9- сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары - 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;
- 3) 11 сыныптарда мемлекеттік бітіру емтихандары - 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

2. 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады:

- 1) қазақ/орыс тілі /оқыту тілі/ бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамырында;
- 2) математика /алгебра/ жазбаша емтихан /бақылау жұмысы/ – 2024 жылғы 03 маусымында;
- 3) орыс тілі оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша /мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау/ жазбаша емтихан және қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша /мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау/ жазбаша емтихан – 2024 жылғы 06 маусымында;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан /физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет /оқыту тілі бойынша/, шет тілі, информатика - 2024 жылғы 10 маусымында.

3. 11 сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады:

- 1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 04 маусым;
- 4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде /сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде /сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 07 маусым.
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан /физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет /оқыту тілі бойынша/, шет тілі, информатика/ - 2024 жылғы 11 маусым.

4. 5-8 және 10 сыныптарда ауысу емтихандары келесі мерзімдерде өткізілсін:

- 1) 2024 жылғы 27 мамыр – қазақ тілі мен әдебиеті-5 А-Б, 6 А-Б, 7 А-Б сыныптары;
- 2) 2024 жылғы 30 мамыр – қазақ тілі мен әдебиеті-8 А-Б, 10 А-Б сыныптар.

5. Оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Көлбай Зоя және Жанибекова Галия Сейтжановна:

- 2023-2024 оқу жылын осы бұйрықтың, білім алушыларды қорытынды аттестаттау ережесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етсін;

- 9, 11 сынып білім алушыларының мектепті бітіруін қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

К.Ш.Тулебаев

Бұйрықпен таныстым:



*Handwritten signature of K. Sh. Tulebaev*

Көлбай З.  
Г.С.Жанибекова